

«Almaty» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС	
«Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді ресми және бейресми санкциялардан қорғау жөніндегі нұсқаулық»	бет 1 - 8

БЕКІТІЛДІ:



«Almaty» Микроқаржы ұйымы» ЖШС  
Басқармасының  
«26» 12 2022 ж.  
Хаттамасы № «\_\_\_»

**«АЛМАТЫ» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫНДА» СЕРІКТЕСТІК  
ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ  
ХАБАРЛАҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ РЕСМИ ЖӘНЕ БЕЙРЕСМИ  
САНКЦИЯЛАРДАН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ**

2022 ж.

«Almaty» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС	бет 2 - 8
«Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді ресми және бейресми санкциялардан қорғау жөніндегі нұсқаулық»	

## 1. Жалпы ережелер

Осы Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған «Алматы» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) қызметкерлерін қылмыстық қудалаудан және олардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзудан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

## 2. Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар

Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті. Мемлекеттік органдардың басшылары мен жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдар, ұйымдар, оның ішінде мемлекеттік қатысу үлесі бар ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз өкілеттіктері шегінде осы Заң талаптарының сақталуын және онда көзделген тәртіптік жазалау шараларын қолданылуын кадрлық, бақылау, заң және өзге де қызметтерді тарта отырып, қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды өз құзыреті шегінде жауапкершілікке тартуды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары, мемлекеттік кірістер, әскери полиция, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік комитеті Ұлттық шекара қызметі органдары жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлау – жеке тұлғаның қызмет бабын теріс пайдалануы, пара беруі, пара алуы, өкілеттіктерін асыра пайдалануы, коммерциялық пара алуы немесе қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделеріне қайшы келетін өзге де заңсыз қызмет, ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзіне немесе үшінші тұлғаларға өзге де мүліктік құқықтар түріндегі пайда алу не көрсетілген адамға басқа тұлғалардың заңсыз осындай игіліктерді беруі, шектеулер мен тыйымдарды, мүдделер қақтығысының алдын алу немесе шешу жөніндегі талаптарды сақтамау және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген міндеттерді орындамау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және тәртіптік жауапкершілік көзделген өзге де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды сақтамау туралы ақпарат.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған тұлғаны қорғау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған Серіктестік қызметкерлерін, оның туыстары мен жақындарын қудалауға және құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруді болдырмауға бағытталған қорғау шаралары (бұдан әрі – қорғау шаралары).



### **3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді қорғау принциптері**

3.1 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді қорғаудың негізгі принциптері:

3.1.1 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдем көрсеткен адам мемлекет қорғауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көмек көрсететін тұлға туралы мәліметтер мемлекеттік құпия болып табылады және уәкілетті органдардың немесе заңда белгіленген тәртіппен соттың талап етуі бойынша ғана беріледі. Бұл ақпаратты жария ету заңмен белгіленген жауапкершілікті талап етеді;

3.1.2 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған Серіктестік қызметкерлерінің кәсіби (еңбек) қызметіне заңсыз араласудан, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлауға байланысты оларға тәртіптік жаза қолданудан қорғау;

3.1.3 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған Серіктестік қызметкерінің тегін заң көмегін алуына және. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18 б. 14 б. сәйкес сот қорғауына қол жеткізуіне кедергі келтіруге жол берілмейді;

3.1.4 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлердің тұрғын үй, зейнетақы және басқа да құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірмей қорғау шараларын қолдану;

3.1.5 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлағаны үшін қылмыстық қудалау немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу салдарынан келтірілген залалдар мен моральдық зиянды өтеу;

3.1.6 жұмыс берушінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілінің уәкілеттіктеріне сәйкес қорғау шараларын қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдардың құқықтары мен міндеттері

4.1 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған қызметкер мыналарға құқылы:

4.1.1 жалдаушы (жұмыс беруші) өкілінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың (олардың лауазымды тұлғаларының) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарламаны қарайтын шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның ішінде жоғары тұрған орган, прокуратура немесе сотқа шағым беруге;

4.1.2 қорғау шараларын қолдану немесе олардың күшін жою туралы жалдаушының (жұмыс берушінің), сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың өкіліне жазбаша өтініш беруге құқылы.

4.2 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған қызметкер міндетті:

4.2.1 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарламаны беру тәртібін, нысанын және мерзімдерін сақтауға;

4.2.2 жалдаушының (жұмыс берушінің), сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының немесе қорғау шараларын жүзеге асыратын өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілінің заңды талаптарын орындауға міндетті.



«Almaty» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС	бет 4 - 8
«Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді ресми және бейресми санкциялардан қорғау жөніндегі нұсқаулық»	

4.3.1 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерден Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Серіктестіктің жергілікті нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген міндеттемелерді орындауды талап етуге;

4.3.2 мемлекеттік органдардан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, заңды және жеке тұлғалардан және осы аталған органдардан, ұйымдардан және жеке тұлғалардан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларда қамтылған, оларға байланысты қорғау шаралары қабылданатын қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

4.4 Жұмыс беруші міндетті:

4.4.1 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарламаларды алған кезде хабарламаны берген адамға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4.4.2 уәкілеттіктеріне сәйкес қажетті қорғаныс шараларын қамтамасыз ету;

4.4.3 сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, прокуратураға, құқық қорғау органдарына немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған адамға, егер оларда әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыс белгілері болса, оған қатысты қолданылған әрекеттер туралы мәліметтерді, сондай-ақ мұндай фактіні растайтын құжаттарды беруге міндетті.

5. Жұмысшыларды қорғау шараларының түрлері

5.1 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған қызметкерлерге бір мезгілде бірнеше немесе келесі қорғау шараларының бірі қолданылуы мүмкін:

5.1.1 мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған, қорғау шараларымен қамтамасыз етілген қызметкер туралы мәліметтер осы хабарлама қарауға қабылданған кезден бастап құпия ақпарат болып табылады;

5.1.2 тегін заңгерлік көмек. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған қызметкерге «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14, 18 баптарына сәйкес тегін заң көмегі көрсетіледі.

5.1.3 қызметтік міндеттерін орындау және өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде оның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудан, заңсыз жұмыстан босатудан, тәртіптік жауапкершілікке тартудан қорғау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы жұмыс берушіге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, прокуратураға, құқық қорғау органдарына немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлаған қызметкер жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылмайды, басқа қызметке ауыстырылмайды (орналастырылмайды) немесе басқа да тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды;

5.1.4 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған адамның туыстары мен жақындарын қорғау. Осы Нұсқаулықта көзделген қорғау шаралары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған қызметкердің туыстарына, ал ерекше жағдайларда құқықтары мен заңдары бұзылған басқа да туыстарына да қолданылуы мүмкін. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарламаға байланысты өзінің туыстарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында туыс адамдардың шеңберін анықтайды.



<b>«Almaty» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС</b>	бет 5 - 8
«Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді ресми және бейресми санкциялардан қорғау жөніндегі нұсқаулық»	

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғаларды көтермелеуге және марапаттауға бағытталған шаралар

6.1 Сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықты ашуға ықпал еткен қызметкер ауызша немесе жазбаша алғыс нысанда материалдық емес көтермелеулермен қамтамасыз етіледі, және ол туралы қызметкердің жеке ісіне енгізіледі.

6.2. Жұмыс беруші құпиялылыққа кепілдік береді.

### **Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адам қандай сыйақы алады?**

1. Осы Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдем көрсеткен адамдарды марапаттау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де түрде көмек көрсеткен адамдарды марапаттау тәртібін айқындайды.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдем көрсеткен адамдар үшін мадақтау біржолғы ақшалай сыйақы түрінде белгіленеді.

Біржолғы ақшалай сыйақы түріндегі мадақтау мынадай мөлшерде белгіленеді:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы әкімшілік істер бойынша – 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

2) ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;

3) орташа ауырлықтағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;

4) ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;

5) аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көзделген жағдайларда мадақтау грамотамен марапаттау немесе алғыс білдіру түрінде белгіленуі мүмкін. Ынталандырулар республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

3. Мадақтау шарттары, негіздері және тәртібі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жәрдем мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлау;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеуде жүрген адамның тұрған жері туралы мәліметтерді беру;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін кейіннен маңызды болған басқа да көмек.



4. Сыйақы тағайындалады, егер адам ұсынған мәліметтер шын болса және кінәлі адамға қатысты:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген болса;

«Almaty» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС	бет 6 - 8
«Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді ресми және бейресми санкциялардан қорғау жөніндегі нұсқаулық»	

2) айыптау үкімі заңды күшіне енсе;

3) оңалтуға жатпайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылған жағдайда.

5. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 19-бабында және 22-бабының 2-тармағында көрсетілген органдар (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жүзеге асыратын органдар) мадақтау үшін материалдарды жинайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке мадақтау құқығы пайда болған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жібереді және мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органының өтініші;

2) ақпараттар есебі кітабында сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде тіркелген өтініштің көшірмесі, сонымен қатар, тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өтініші туралы мәліметтер немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге адамның көмегін растайтын басқа да құжаттар;

3) әкімшілік құқық бұзушылық жасау туралы хаттаманың немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы қаулының көшірмесі;

4) соттың әкімшілік жаза қолдану туралы заңды күшіне енген қаулысының көшірмесі;

5) сотқа дейінгі оңайлатылған іс жүргізу хаттамасының, заңды күшіне енген айыптау үкімнің немесе қылмыстық істі босатуға жатпайтын негіздер бойынша тоқтату туралы қаулының көшірмесі;

6) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу үшін тұлғаның жеке немесе өзге шотының банктік деректемелері.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы осы Ереженің 6-тармағында көзделген материалдарды алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тұлғаға біржолғы ақшалай сыйақы төлеуге негіз болатын ынталандыру бұйрығын шығарады.

7. Біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу мадақтау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде тұлғаның жеке немесе өзге шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

8. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдем көрсеткен адам біржолғы ақшалай сыйақыдан бас тартқан жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органына тиісті өтініш береді.

Бұл ретте жедел-ізвестіру бөлімшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысына тұлғаны куәлікпен марапаттау туралы өтініш жасай алады немесе оған алғысын білдіреді.



<b>«Almaty» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС</b>	бет 7 - 8
«Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді ресми және бейресми санкциялардан қорғау жөніндегі нұсқаулық»	

Ережеге сәйкес, мадақтау, егер тұлға ұсынған ақпарат шын болса немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өзге де көмек сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге әсер еткен жағдайда беріледі. Сондай-ақ, кінәлі адамға қатысты соттың әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысы заңды күшіне енуі немесе айыптау үкімі заңды күшіне енуі тиіс.

**Өтініштер қандай ретпен қабылданады:**

- Жеке тұлғалардың қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштері немесе арыздары ауызша, жазбаша және электрондық құжат нысанында қабылданады.
- Жазбаша өтініш пен электрондық құжат өтініш берушінің жеке қолымен және өтініш беруші туралы мәліметтерді көрсете отырып ғана қабылданады.
- Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз ауызша қабылданса, оны қабылдау туралы жеке хаттама жасалады. Хаттамада өтініш беруші, оның тұрғылықты жері немесе жұмысы туралы мәліметтер көрсетіледі және оның жеке куәлігінің көшірмесі қоса беріледі. Содан кейін бұл құжатқа өтініш беруші мен өтінішті қабылдаған лауазымды тұлға қол қояды.
- Тергеу әрекетінің тиісті хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында сотқа дейінгі тергеу немесе сот талқылауы кезінде жасалған ауызша мәлімдеме жазылады.
- Мемлекеттік орган қызметкерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініші және заңды тұлғаның өтініші сыбайлас жемқорлық фактісін растайтын барлық құжаттар мен материалдарды міндетті түрде қоса бере отырып, жазбаша нысанда берілуі тиіс.
- Өтініш беруші, егер ол мемлекеттік органның лауазымды адамы болмаса, одан арыз қабылданған кезде жалған хабарлау үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілуге тиіс. Бұл туралы өтініште немесе хаттамада белгіленеді және ол өтініш берушінің қолымен расталуы тиіс.
- Егер арыз берушінің өтінішін қабылдау кезінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін деректер жеткіліксіз екені анықталса, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау үшін уәкілетті органдардың тексерулерін талап ететін мәлімдемелер мен хабарламалар Бірыңғай сотқа дейінгі тізілімінде тіркелмей, үш күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың қарауына жіберіледі.
- Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш, арыз, хабарлама немесе шағым жасырын түрде берілсе, ол сотқа дейінгі тергеуді бастауға негіз бола алмайды.



- Құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлау, іздеуде жүрген адамның тұрған жері туралы ақпарат беру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін кейіннен маңызды болған өзге де көмек көрсету. Сонымен қатар, мұндай фактілер туралы мына телефон арқылы хабарлауға болады: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет агенттігінің 1424 байланыс орталығы, немесе осындай фактілер анықталған кезде агенттіктің сіз тұратын немесе орналасқан облыс немесе қала бойынша аумақтық департаментіне.

Егер қызметкер/азамат сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың құрбаны немесе куәгері болдым деп есептесе, ол хабарласа алады:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке келесі мекенжайлар бойынша жазбаша түрде:

- ✓ Орталық кеңсе: Нур-Султан қ., С. Сейфуллина көшесі, 37
- ✓ Нур-Султан қ.: Нур-Султан қ., А.Токпанов көшесі, 45
- ✓ Алматы қ. Алматы қ., Жибек Жолы даңғылы, 15
- ✓ Шымкент қ.: Шымкент қ., Казыбек би көшесі, 3
- ✓ Абай облысы: Семей қ., А.Байтұрсынов көшесі, 36.
- ✓ Ақмола облысы: Көкшетау қ., Н.Назарбаев даңғылы, 71
- ✓ Ақтөбе облысы: Ақтөбе қ., Маресьев көшесі, 93
- ✓ Алматы облысы: Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 33 А.
- ✓ Атырау облысы: Атырау қ., Темирханов көшесі, 2а
- ✓ Запaдно-Кaзaқcтaнcкaя облысы: Орaл қ., Курмaнгaзы көшесі 89/1
- ✓ Жaмбыл облысы: Тaрaз қ., Aйтиев көшесі, 40
- ✓ Жетісу облысы: Тaлдықoрган қ., Қaбaнбaй бaтыр көшесі, 36/42.
- ✓ Қaрaғaнды облысы: Қaрaғaнды қ., Aлнхaнoв көшесі, 12
- ✓ Қoстaнaй облысы: Қoстaнaй қ., Гaшeкa көшесі, 4
- ✓ Қызылoрдa облысы: Қызылoрдa қ., Жeлтoкcан көшесі 156 А
- ✓ Мaңғыcтaу облысы: Aқтaу қ., 23 шaғын аудaны, 100 үй
- ✓ Пaвлoдaр облысы: Пaвлoдaр қ., Кaмзaнa көшесі, 37
- ✓ Солтүcтiк Қaзaқcтaн облысы: Пeтpoпaвлoвcк қ., Интepнaцoнaлbнaя көшесі, 60
- ✓ Шығыc Қaзaқcтaн облысы: Өcкeмeн қ., Лнхaрeв көшесі 2;
- ✓ Түркіcтaн облысы: Түркіcтaн қ., Тәукe хaн көшесі, 100;
- ✓ Ұлытaу облысы: Жeзкaзғaн қ., К. Курмaнбaев көшесі, 15.

1. Тегін байланыс орталығы 1424.
2. Электрондық өтініштер порталы арқылы eotinish.kz

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке өзге де жолмен жәрдемдесетін адам және ол туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттің қорғауында болады және көтермеленеді.

\*\*\*\*\*



**«Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерді ресми және бейресми санкциялардан қорғау жөніндегі нұсқаулықпен» таныстыру парағы.**

<b>Реттік №</b>	<b>Тегі Аты Әкесінің аты</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Қолы</b>
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			
16			
17			
18			
19			
20			
21			
22			
23			
24			



25			
26			
27			
28			
29			
30			
31			
32			
33			
34			
35			
36			
37			
38			
39			
40			
41			
42			
43			
44			
45			
46			
47			
48			
49			
50			

**«Almaty» Микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметі**